





Д.Р.Жарықбаева,<sup>1</sup>  С.Т.Ыбышова,<sup>1</sup>  А.Д.Умбеталиева,<sup>1</sup>  Р.К.Измагамбетова<sup>2\*</sup> 

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университет,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет,  
Алматы қ., Қазақстан





## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

### Аңдатпа

Отандық білім беру саясатының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін тұрақты инновациялық даму жолына көшіру және әлемдік стандарттарға сәйкес жоғары нәтижелерге жетуге бағыттаумен сипатталады. Қазіргі кезеңде білім берудің рөлі демократиялық және құқықтық мемлекеттің міндеттері мен стратегиясымен анықталады. Білім беру саясаты жалпыұлттық білім беру мүдделерін көрсетуі, әлемдегі білім беру үрдістерінің жалпы тенденцияларын ескеруі тиіс. Қазіргі полимәдени қоғам сонымен қатар кәсіби білім беру саласындағы мамандардың дайындық деңгейіне және болашақ мұғалімнің білімді меңгеруге қабілеттілігіне жоғары талаптар қояды.

Мақалада педагогикалық практиканың болашақ мұғалімді педагогикалық қызметке даярлаудағы рөлі талданған. Педагогикалық практика жүйелік, қызметтік және тұлғалық тәсілдерге негізделіп, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол жалпы педагогикалық дайындықтың маңызды компоненті және жоғары педагогикалық мектептегі кәсіби оқытудың тиімді формасы болып табылады.

**Түйін сөздер:** педагогикалық практика, болашақ мұғалім, кәсіби даярлық, жоспар, білім алушы.

Жарықбаева Д.Р.,<sup>\*1</sup>  Ыбышова С.Т.,<sup>1</sup>  Умбеталиева А.Д.,<sup>1</sup>  Измагамбетова Р.К.<sup>\*2</sup> 

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет,  
г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,  
г.Алматы, Казахстан

## СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

### Аннотация

Основной целью отечественной образовательной политики является перевод системы образования на путь устойчивого инновационного развития и достижение высоких результатов в соответствии с мировыми стандартами. На современном этапе роль образования определяется задачами и стратегией демократического и правового государства. Образовательная политика должна отражать общенациональные образовательные интересы и учитывать общие тенденции образовательного процесса в мире. Современное поликультурное общество также предъявляет высокие требования к уровню подготовки специалистов в сфере профессионального образования и к способности будущего учителя овладеть знаниями.

В статье исследуется значение педагогической практики в процес се подготовки будущих педагогов к профессиональной деятельности. Педагогическая практика рассматривается как ключевой механизм формирования профессиональных компетенций будущих учителей, реализуемый с опорой на системный, деятельностный и личностно ориентированный подхо ды. Более того, она выступает важн ым элементом общей педагогической подготовки и эффективной формой профессионального обучения в системе высшей педагогической школы.

**Ключевые слова:** педагогическая практика, будущий учитель, профессиональная подготовка, план, обучающийся.

Zharikbayeva D., <sup>1</sup>  Ybyshova S., <sup>1</sup>  Umbetaliyeva A., <sup>1</sup>  Izmagambetova R. \*<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## MODERN APPROACHES TO PEDAGOGICAL PRACTICE IN THE FORMATION OF FUTURE TEACHER'S PROFESSIONAL COMPETENCE

### Abstract

The main goal of the national educational policy is to transfer the education system to the path of sustainable innovative development and achieve high results in accordance with world standards. At the present stage, the role of education is determined by the tasks and strategy of the democratic and legal state. Educational policy should reflect national educational interests and take into account the general trends in the educational process in the world. Modern multicultural society also places high demands on the level of training of specialists in the field of vocational education and on the ability of the future teacher to master knowledge. The article analyzes the role of pedagogical practice in preparing the future teacher for pedagogical activity. Pedagogical practice is considered as the main tool for the formation of professional competence of future teachers, based on systemic, activity and personal approaches. In addition, it is an important component of general pedagogical training and an effective form of vocational training in a higher pedagogical school.

**Keywords:** pedagogical practice, future teacher, professional training, plan, student.

**Кіріспе.** Дүние жүзі бойынша экономиканың, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің қарқынды дамуына байланысты жұмыс берушілер ЖОО түлектеріне білікті маман және әлеуетті қызметкер ретінде жоғары талаптар қояды. Қазіргі уақытта ЖОО білім алушыларын кәсіби қызметке даярлау сапасы және олардың үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі кәсіби құзыреттіліктерін дамыту еліміздің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылып отыр.

Жоғары педагогикалық білім берудің мақсаты білім беру жүйесінде жұмысқа дайындалу ғана емес, болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуын, оның жеке басының дамуын, кәсіби ұстанымын, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қабілетін, білім беру саласындағы құзыреттілігін қамтамасыз етумен сипатталады. Болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуының негізі – кәсіби позицияны қалыптастырудағы білім беру процесін реттейтін құндылық.

Білім алушылардың кәсіптік практикасы кадрлар даярлайтын білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіптік практика тиісті кәсіпорындарда (ұйымдарда) жүргізіледі және оқыту процесінде алған білімдерді бекітуге, практикалық дағдыларды игеруге және озық тәжірибені меңгеруге бағытталған [1].

Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындық процесінде өтілетін педагогикалық практика ерекше рөл атқарады. Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығын жетілдіру қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани үрдісінің басым мақсаттары мен маңызды алғышарттарының бірі ретінде қарастырылуы керек.

Педагогикалық бағыттағы білім алушыларда өтетін педагогикалық практика болашақ педагогтар үшін маңызды және Білім беру бағдарламасы шеңберінде кәсіптік оқыту процесіне негізделген үдеріс. Сонымен қатар, педагогикалық ЖОО-дарының жобалық, ғылыми қызметіне бағытталған білім беру процесін іске асырудың инновациялық, заманауи әдістері болып табылады.

Педагогикалық практика – бұл болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық білім мен тәжірибені меңгеруге және ұғынуға бағытталған мақсатты процесс. Ол кәсіби- педагогикалық міндеттердің жиынтығын шешу арқылы жүзеге асырылады. Педагогикалық тәжірибе барысында болашақ мұғалім тек бастапқы кәсіби тәжірибе жинақтап қана қоймай, сонымен бірге өзінің жеке-кәсіби ұстанымын қалыптастырады, педагогикалық жағдаяттарды бастан кешіру мен педагогикалық мәселелерді шешудің бірегей тәжірибесін жинақтайды, сондай-ақ әдіснамалық мәдениеттің негіздері қаланады.

Қазіргі уақытта педагогикалық білім беру топтарындағы жоспарланған кәсіби практика болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығы мен қалыптасуының маңызды кезеңдерінің бірі. Оның негізгі мақсаты болашақ мұғалімдердің педагогикалық тәжірибеге бағытталған дағдыларымен іскерліктерін қалыптастыру үшін кәсіби қызметке оң уәждемені дамытумен сипатталады.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы педагогикалық практиканың **міндеті** практиканттардың мектеп ұжымымен, оқушылармен, олардың ата-аналарымен кәсіби қарым-қатынас құру іскерлігін, сыныптағы және сыныптан тыс уақыттағы сабақтарды өткізу әдіс-тәсілдерін, технологияларын дұрыс қолдану тәжірибесін, бағалау жүйесіне объективті көз-қарасын қалыптастырып, дамыту бағыттарын қамтиды.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби практика арқылы даярлау мәселелерін зерттеу барысында біз, С.Л.Хеггернес, А.Бачковска, Н.М. Мкртчян, О.А.Коник, Г.Е.Жұмағалиева, Э.Б.Ешенқұлова, Р.О.Кенжетасева, С.А.Нуржанова, Д.О. Химматалиев, Р.Х.Файзуллаев және т.б. сынды отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарымен таныстық.

Педагог ғалымдардың зерттеулерімен таныса келе, көптеген ғылыми тұжырымдамалар педагогикалық практикадан өту барысында болашақ коммуникативтік мәдениетті меңгеруді бірінші орынға қоятыны анықталды. Бұл мәдениет практикант-студенттің оқушылармен, мектеп ұжымымен, ата-аналармен іскер кәсіби қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, яғни өзара әрекеттестіктің барлық деңгейінде тиімді байланыс құруды қамтамасыз етеді.

Осыған орай, Н.М.Мкртчян педагогикалық практиканы, «студенттерді мұғалімнің жұмысына сәтті дайындаудың тиімді құралдарының бірі. Тәжірибе барысында бастапқы кәсіби тәжірибе жинақталып қана қоймай, жеке және кәсіби ұстаным, педагогикалық жағдайлардың өмір сүруінің және педагогикалық мәселелерді шешудің ерекше тәжірибесі қалыптасады. Болашақ мұғалімнің субъективті кәсіби кеңістігін қалыптастыру инновациялық көзқарастарды таңдауды анықтайды» - деп тұжырымдаған [2, 4 Б.].

Ал, отандық ғалымдар, «практика жоғары мектеп жүйесіндегі негізгі шешуші буынға айналады. Мемлекеттік білім беру стандартында көзделген студенттердің практикасы қазіргі уақытта оқу процесінің құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар студенттер алған білімдерін, дағдыларын ұйымдарда қолдана алатын кезең болып табылады...» - деген түсінік берген [3, 256 Б.].

Қазақстанда педагог кадрларды заманауи кәсіби даярлау білім беру бағдарламалары мазмұнының реформалары мен өзгерістеріне бейімделе алатын, білімді өз бетінше ала алатын, оларды практикада қолдана алатын, педагогикалық мәселелерді шешуді шығармашылықпен ойлай алатын, инновациялық педагогикалық технологияларды, бағалау әдістерін және т.б. қолдана алатын педагогтарды даярлау міндеттерін қояды [4, 157 Б.].

Н.Л.Колясникованың құрастырған педагогикалық практикаға арналған әдістемелік нұсқаулығында, құратырушы педагогикалық практика болашақ педагогтардың:

- аудитория алдында сөйлеуі мен өзін ұстауы;
- әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасауы;
- оқытуға қажетті оқу материалын шығармашылық тұрғыда іріктеуі;
- оқушылардың танымдық іс-әрекетін жоспарлауы және оны ұйымдастыра білуі;
- оқу материалының мақсаттары мен мазмұнына, қазіргі білім беру технологияларына және пәндерді белсенді оқыту әдістеріне сай келетін оқыту әдістері мен құралдарын таңдай білуі сияқты дағдыларын қалыптастыруға бағытталғандығын ашып көрсеткен [5, 5 Б.].

Студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастырудың маңызды шарты — өндірістік тәжірибе болып табылады. Болашақ кәсіби білім беру мұғалімдерінің тәжірибесінің мақсаты – кәсіби қызметтің негізгі түрлеріне даярлау, алынған кәсіби білімдер мен іскерліктерді, дағдыларды іс жүзінде қолдану және кәсіби бейімделуді қамтамасыз ету, яғни мамандыққа ену, әлеуметтік рөлді меңгеру, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби ұстанымдарды қалыптастыру, тұлғалық және кәсіби қасиеттердің өзара кірігуін жүзеге асыру.

Педагогикалық практика – студенттер өздерінің мамандануына сәйкес түрлі іс-әрекеттерді орындайтын кешенді үдеріс [6, 82 Б.].

Практикант мұғалімнің кәсіби рөлін, педагогикалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, білім беру процесіндегі орнын саналы түрде ұғынуы және қабылдауы қажет. Ол өзін «педагог» ретінде тануының, кәсіби құндылықтар жүйесін қабылдауының және оны іс-

әрекетінде жүзеге асыруының нәтижесі болып табылады. Бұған қатысты мұғалімдердің кәсіби сәйкестігі мәселелерін зерттей келе С.Л.Хеггернес дәстүрлі позитивистік тәсіл, мұғалімдердің жеке тәжірибесі мен олардың қызмет ететін әлеуметтік-саяси контексті арасындағы қайшылықты жеткіліксіз деп таныды. Осыған байланысты ол «қиялдағы кәсіби сәйкестік» (imagined professional identity) деген жаңа терминді енгізді. Бұл ұғым болашақ немесе жас мұғалімнің кәсіби сәйкестігінің қалыптасу процесінің категориясы мен сипаттамаларын, әсіресе қазіргі қоғамдағы жылдам өзгерістер жағдайында, сипаттау үшін қолданылады [7]. С.Л.Хеггернестің бұл теориясы қазіргі уақыттағы қоғамның, ғылым мен техниканың, экономика мен білім беру салаларының үздіксіз, серпінді түрде алға басуы, жаңару мен инновацияның күшеюі үдерісіне сай, өзекті болмақ.

Қазіргі уақытта қоғамның қарқынды дамуы білім беру саласына үлкен әсерін тигізіп отыр. Соның нәтижесінде еліміздің мектептерде түрлі реформалар жүргізіліп, оқыту жүйесі жаңартылуда. Әсіресе мектеп білімінде инновациялық тәсілдерді енгізу, оқыту мазмұнын жаңарту және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану өзекті болып отыр. Бұл үдерістердің барлығы оқушылардың жеке тұлғалық дамуына, құзыреттіліктерін қалыптастыруға және заманауи қоғам талаптарына бейімделуіне бағытталған. Осыған орай, А.Бачковска мұғалімдерді даярлау мәселесін Ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану ақылы жүзеге асырудың маңыздылығын зерттеп, өз еңбегінде «қазіргі заман мұғалімінен пәндік біліммен қатар жаңа заманға сай кең ауқымды құзыреттерді — технологиялық, коммуникативтік және сыни ойлау қабілеттерін дамыту талап етіледі» - деген пікір білдіреді [8, 28 Б.]

*Негізгі ережелер.* Педагогикалық тәжірибеден сәтті өту үшін болашақ мұғалім жас ерекшелік психологиясын терең түсініп, сабақта жағымды эмоционалды-психологиялық атмосфераны қамтамасыз етуге, оқушылармен шынайы қарым-қатынас орнатуға қажетті білімге ие болуы тиіс. Болашақ педагог оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін белсендіре білуі, білімді өз бетінше игеруге деген қажеттілігін арттыра алуы қажет. Сонымен қатар, ол оқу процесін саралап ұйымдастыра білуі, ең бастысы — әрбір балаға жеке «әдіс» таба білуі, оны оқу іс-әрекетіне қызықтырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауы керек.

Оқытудың шығармашылық және рухани әдістерін педагогикалық практикаға енгізудің маңыздылығына ерекше назар аудару керек. Бұл әдістерді нақты білім беру тәжірибесінде қолдану білім алушылардың белсенділігін арттыруға ғана емес, сонымен қатар студенттерге өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға және педагогикалық қызметтегі рухани бағдарлардың маңыздылығын түсінуге көмектесті [9, 203Б.].

Ғылыми-педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесінде болашақ мұғалімдердің көпшілігі инновацияларға және оларды тәжірибелік қызметте іске асыруға оң көзқарас танытатыны анықталды. Көптеген студенттер инновациялық педагогикалық қызметке эмоционалдық тұрғыдан дайын екені байқалады. Алайда, кейбір студенттердің бұл қызметті жүзеге асыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімдері мен дағдылары жеткіліксіз екені анықталды. Сондықтан педагогикалық практикадан сәтті өту миссиясын жүзеге асырудың басты шарты — кәсіби даярлықтың сапасы, болашақ мұғалімнің өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іс қасыруға және өнімді инновациялық қызметке қабілеттілігі болып табылады.

Студенттердің педагогикалық практикадан өту барысын талдау мен зерделеу нәтижесінде, практиканттар үшін білімді бекіту, тақырып бойынша ағымдағы және қорытындылау, тақырыпты қайталау, кәсіби даралық пен педагогикалық шығармашылықты көрсету, сабақ мақсатына жетудегі табандылық және оқушылардың білімдері мен дағдыларын жетілдіру күрделі міндет болып қала беретіні анықталды.

**Материалдар мен әдістер.** Қазіргі заманғы мұғалімнің практикалық даярлығы практиканың нақты жағдайларын ескеруі, студенттерге бастамашылдық танытуға, жоғары оқу орны

педагогтарының және мектеп мұғалімдерінің жетекшілігімен, әріптестерімен ынтымақтастықта білім беру қызметін жобалауға мүмкіндік беруі тиіс. [10, 196 Б.].

Қазіргі заманғы білім беру ортасының жағдайында жоғары оқу орнында оқуын жалғастыра отырып, мектеп мұғалімінің қызметін қатар атқаратын студенттің педагогикалық практикадан өтуі бірқатар сұрақтар туындататын күрделі үдеріс. Мұндай жағдайда студенттердің кәсіби бейімделуі мен табысты іс-әрекеті көбіне педагогикалық қолдаудың тиімді ұйымдастырылуына байланысты. Практика барысында туындаған мәселелерді өз бетінше шешуіне практиканттың тәжірибесі мен біліктілігі жеткіліксіз болады. Сондықтан педагогикалық практиканың ЖОО және мектептегі жетекшінің басшылығымен кәсіби кеңес беру және әдістемелік қолдау жүйесін құру маңызды.

Педагогикалық практикадан өту алдында студенттер Білім беру бағдарламаларымен бекітілген арнайы және «Педагогика», «Психология», «Пәнді оқыту әдістемесі» пәндерді оқу арқылы теориялық білім алып, осы алған білімдерін педагогикалық практика барысында мектеп ұжымымен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен педагогикалық қарым-қатынасқа түсу арқылы бекітеді. Әсіресе «Пәнді оқыту әдістемесі» курсы студенттерді педагогикалық практикаға даярлаушы пән болып табылады. Осыған орай, «Пәнді оқыту әдістемесі» пәнінің силлабусына сабақ өту әдістері мен тәсілдері, технологиялары, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы тақырыптық жоспар құру әдістері, тәрбие немесе сынып сағаттарының маңыздылығын ескере отырып, мақсат қою дағдысы, бағалау саясаты, педагогикалық қарым-қатынаста туындайтын түрлі жағдайларды шешу мүмкіндіктері кіріктіріледі.

«Пәнді оқыту әдістемесі» пәнін қамту барысында студенттер силлабуста бекітілген тақырыптарды негізге ала отырып, мектеп оқушыларына білім беру мәселелерін шешудің жобалық үлгісін әзірлейді. Жобалар жаңартылған білім беру мазмұнына сай құралып, бірлескен талдау барысында жетілдіріледі және толықтырылады. Сабақ әдістерімен қоса міндетті түрде оқушылардың алған білімдерін бағалау жүйесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Болашақ мұғалімдердің теориялық алған білімдерін бекіту мақсатында өтетін 6 апталық педагогикалық практикаға арнайы жоспар (1-кесте) құрастырылады.

Педагогикалық практика жоспарын құру алдында біз осы практиканың негізгі міндеттерін анықтадық. Олар:

- пән мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесін талдау;
- сабақтың үштұғырлы мақсатын (оқыту, дамыту және тәрбиелеу аспектілерін) және сабақтың жекелеген кезеңдерінің диагностикаланатын мақсаттарын құрау;
- білім берудің гуманитарлық бағыттағы мазмұн элементтерін ескере отырып, сабаққа материал іріктеу;
- оқытудың мақсаттары, мазмұны, формалары, әдістері мен құралдарына сәйкес оқушыларды оқу-танымдық іс-әрекетке тартуды қамтамасыз ететін оқу жұмысының ұйымдастыру формаларын таңдау және қолдану;
- әрекетке негізделген тәсілді ескере отырып құрылған технологиялар негізінде дидактикалық бірліктердің меңгерілуін жобалау және оларды сабақтарды құрастыруда пайдалану;
- оқушылардың рефлексивті-бағалау әрекетін жүзеге асыруға жағдай жасау;
- әртүрлі типтегі сабақтарды моделдеу, сабақтың кеңейтілген жоспарлары мен конспекттерін құрастыру;
- әртүрлі типтегі сабақтарды өткізу;
- сабаққа өзіндік талдау жүргізу;
- жоспарланған және қол жеткізілген нәтижелерді салыстыру;
- оқу және сыныптан тыс уақытта оқушылармен жеке-дифференциалды жұмыс ты ұйымдастыру;
- оқушылардың әртүрлі жұмыстарын бағалау және талдау жүргізу;
- сабақтарда және сыныптан тыс жұмыста дидактикалық ойындарды және бақада іс-шараларды ұйымдастыру.

1- кесте. Педагогикалық практика жоспары

№	Мазмұны	Ұйымдастыру форма сы мен әдістері	Орындау мерзімі
1	Практика базасымен және ұжыммен танысу.	Конференция, мектеп ке экскурсия, таныстыру.	1- апта
2	Мектеп құжаттары, тәртіп ережелерімен танысу	Құжаттармен жұмыс, сұхбат.	1- апта
3	Жеке жұмыс жоспарын құру және бекіту	Тәлімгермен жоспарлау, бекіту	1- апта
4	Сабақтарға қатысу және талдау жасау	Бакылау, жазбаша талдау, пікірлесу	2-3 апта
5	Сабақ жоспары (план-конспект) жазу, кеңес алу	Қысқа мерзімді жоспар құру, мұғалімнің ұсыныстары	2-3 апта
6	Бір сабақ өткізу (тәжірибелік тапсырма	Мұғаліммен келісу арқылы 1-2 сабақ өткізу	3-4 апта
7	Жаңа оқыту технологиялар ын менгеру	Семинар, әдістеме лік жинақпен жұмыс	4 апта
8	Көрнекілік құралдар мен ТСО пайдалану	Дайындау және сабақта пайдалану	4-5 апта
9	Сыныппен тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру	Ашық тәрбие сағаты, сценарий құрастыру	5 апта
10	Қорытынды есеп жазу, портфолио әзірлеу	Жеке есеп, тәжірибе құжаттары	6 апта
11	Қорытынды конференция. Қорытынды Есебін тапсыру.	Презентация, пікір алмасу, бағалау	6 апта

Осы жоспар негізінде 1-ші аптада студенттер мектеп ұжымымен, нормативтік актілермен, құжаттармен таныса келе өздерінің 6 апталық жұмыс жоспарын құрады, сынып жетекшілігін алады және сынып жетекшінің жұмыс жоспарымен танысады. 2-ші аптада сабақтарға, сынып сағаттарына қатысып, талдау парағын толтырып, келесі тақырып бойынша пән мұғалімінің бағыт беруімен сабақ және сынып жетекшісінің жоспарланған сынып сағатының жоспарын құрады. Қалған төрт апта бойы өтетін тақырыптары бойынша қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) құрып, өтілетін тақырыптарға қатысты дидактикалық материалдарды дайындап, оқушыларға сабақтар және сынып сағаттарын өтеді, ата- аналармен жиналысына қатысып, сынып жетекшісінің көмекшісі ретінде өз қызметтерін атқарады. Практиканың соңғы аптасында бірнеше практиканттар бірігіп, мектеп бойынша белгілі бір сынып оқушылары, олардың ата- аналары арасында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырады. Практиканың соңғы аптасы есеп беру, мектеп басшылығынан, мектептегі жетекшісінен мінездеме алу, практика күнделігін толтыру, практикадан өту барысында дайындаған ҚМЖ, тәрбие жоспарлары мен дидактикалық материалдарды жинақтау, қорытынды конференцияға дайындалумен өтеді.

Педагогикалық практика нәтижесі бойынша есеп беру барысында болашақ мұғалімнің жеке папкасында төмендегі құжаттар жинағы болуы қажет:

1. практика бойынша күнделік (күнделік практика аяқталғаннан кейін 3 жыл сақтала ды);
2. практиканттың жеке жұмыс кестесі;
3. практика бойынша қорытынды есеп;
4. портфолио: білім беру ұйымы туралы мәліметтер, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар үлгісі, сыныптан және мектеп тен тыс жұмыстардың жоспарлары, сабақты талдау сызбалары (электрондық форматта болуы керек);
5. сыныптан тыс сабақтарды (әңгімелесу, сынып сағаттары және т.б.) өз бетінше жүргізген конспекттері;
6. практика базасындағы практика жетекшісінің парактикантқа берген, ресми мөрмен расталған мінездемесі.

Практиканттардың болашақ мұғалім мамандығына кәсіби дайындығының нәтижесі комиссия құрамымен келесідей бағалау критерийлерін (2-кесте) негізге ала отырып, баллдық-рейтингтік әріп жүйесі бойынша бағаланады:

- дайындалған есептің сапалығы;
- күнделіктегі жазбалардың мазмұны мен оны кірістіру ұқыптылығы;
- практика жетекшілерінің мінездемесі;
- қорытынды конференциядағы сөз сөйлеуі.

1-кесте. Практика қорытындысы бойынша практиканттарды бағалау критерийлері

95-100 балл А «Өте жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, оларды орындаудағы білім алушының шығармашыл тұрғысы, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, мектеп басшылығынан университет кафедрасына «Алғыс хат» және практикант марапатталынса, практиканың мақсаты, міндеттері толық мазмұндалған жағдайда.
90-94 балл А- «Өте жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, оларды орындаудағы білім алушының шығармашыл тұрғысы, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практикантқа мектеп басшылығынан «Алғыс хат» берілсе, практиканың мақсаты, міндеттері толық мазмұндалған жағдайда.
85-89 балл В+ «Жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, тапсырмалардың көп бөлігі орташа шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен жоғары бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері қысқаша мазмұндалған жағдайда.
80-84 балл В «Жақсы»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практика тапсырмаларына сай, тапсырмалардың көп бөлігі орташа шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен орташа бағаланса, практиканың мақсаты, міндеттері қысқаша мазмұндалған жағдайда.
75-79 балл В- «Жақсы»	Күнделіктегі жазбаларда практика тапсырмалары толық қамтылмаған, тапсырмалардың көп бөлігі орташа шығармашылық деңгейде орындалған, есепке практика материалдарды ұсынылған (оқушылардың диагностикалау қорытындылары, сыныптан тыс шараларды дайындау, сабақтардың жоспар-конспектілері, олардың талдануы, тәрбие жұмыстарының жоспарлары және т.б.), білім алушының практикасын сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен орташа бағаланған, білім алушының есебі практиканың мақсатымен және міндеттеріне сәйкес келген жағдайда.
70-74 балл С+ «Қанағаттанарлық»	Күнделікте жазбалар мазмұны практика жоспарына жеткілікті шамада сәйкес келеді, практикалық әрекеттік материалдары толық емес, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен орташа бағаланған, есеп білім алушының жұмысының барлық негізгі бағыттары бойынша қысқаша жасалған жағдайда.
65-69 балл С «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары қысқаша ашылған, практикалық әрекеттік материалдары толық емес, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп

	психологымен қанағаттанарлық бағаланған, практикант есебінде маңызды мәселелердің қамтылмауы.
60-64 балл С- «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары толық жазылмаған, практикалық әрекеттік материалдары толық емес, білім алушының практикасы сынып жетекшісімен, пән мұғалімімен, мектеп психологымен қанағаттанарлық бағаланған, есебінде практиканың мазмұнын аша алмауында.
55-59 балл D+ «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары толық емес, практикалық әрекеттік материалдарынан тек жүргізілген сабақтардың конспект-жоспарлары тіркелген, пән мұғалімімен ғана қанағаттанарлық бағаланған, есепте практиканың өту процессінің толық мазмұндалмауы.
50-54 балл D «Қанағаттанарлық»	Күнделікте практиканың тапсырмаларының орындалуы жайлы жазбалары толық емес, практикалық әрекеттік материалдарынан тек жүргізілген сабақтардың конспект-жоспарлары тіркелген, есепте жұмыстың негізгі бағыттары көрсетілмеген жағдайда.
0-49 балл F «Қанағаттанарлықсыз»	Күнделіктегі жазбалар мазмұны практиканың тапсырмаларына сәйкес келмеуі, практикалық әрекеттік материалдарының болмауы, практика бойынша есеп бермеуі.

Жоғарыда көрсетілген жоспар негізінде педагогикалық практиканы жүргізу нәтижелері 2-кестеде көрсетілген бағалау критерийлерін негізге ала отырып қорытындыланады.

**Нәтиже.** Педагогикалық практика жоспарына сай алғашқы аптада білім алушылар практика өтетін мектеппен және мектеп ұжымымен, мектеп құжаттарымен, тәртіп ережелерімен танысады. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне бөлініп, сабақтарға, сынып сағаттарына қатысу арқылы және мектептегі жетекшілерімен бірігіп жеке жұмыс жоспарларын құруымен өздерінің болашақ кәсібіне моральды дайындық бастамасы қалыптасады.

Практиканың бірінші күні практиканттардан сауалдама алынды. Сауалдаманы төрт бөлімге бөлдік. Олар:

1. практикант туралы ақпарат:

- практиканттың аты-жөні;
- Білім беру бағдарламасы;

2. күтілетін нәтиже және мотивация:

- практика кезеңінде өзіңізге қандай мақсаттар қоясыз?
- сыныппен және тәлімгермен жұмыстан не күтесіз?

3. дайындық деңгейі:

- педагогика және оқыту әдістемесіне байланысты қандай пәндерді бұрын оқыдыңыз?
- келесі салаларда өзіңізді қаншалықты сенімді сезінесіз (1–5 баллмен бағалаңыз): сабақ

жоспарлау: 1 2 3 4 5

сыныппен жұмыс: 1 2 3 4 5

АКТ қолдану: 1 2 3 4 5

оқушылардың білімін бақылау: 1 2 3 4 5

балалармен қарым-қатынас: 1 2 3 4 5

4. тәжірибе мен дағдылар:

- балалармен жұмыс тәжірибеңіз бар ма, болса қандай?
- практикада қолдана алатын күшті жақтарыңыз қандай?
- қандай дағдыларыңызды жақсартқыңыз келеді?

Төрт бөлімнен тұратын сауалдама нәтижесі бойынша педагогикалық практикаға дайындықтары 28 білім алушылардың 44%-ының жоғары, 38%-ының орташа және қалған 18%-ының төмен деңгейде екені анықталды.

Педагогикалық практиканың 2-5 апталарында практиканттар болашақ кәсіптері бойынша мектеп ұжымының мүшесі ретінде жұмыс атқарады. Мектептегі жетекшілерінің кеңестері мен бағыт-бағдарларын, университеттегі алған теориялық білімдерін негізге ала отырып, сабақ өтуге, тәрбие сағаттарын ұйымдастыруға жоспарлар құру арқылы дайындалып, жүзеге асырады. Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу арқылы әр сабаққа

Қысқа мерзімді жоспарларын, дидактикалық құралдарын әзірлеп оқушыларға білім беру тәжірибесін қалыптастырып, жетілдіреді. Өткізген сабақтары мен тәрбие сағаттары сабақтан тыс уақытта талқыланып, группалас практиканттармен мектеп мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен, психологтармен талқыланып, бағаланады.

Практиканың соңғы аптасында болашақ мұғалімдер ашық сабақ, ашық тәрбие сағаттарын өткізу арқылы практика барысында жинақтаған тәжірибесінің деңгейін көрсетеді. Осы алты аптадағы жетістіктерін ескере келе мектеп тарапынан марапаттар, алғыс хаттар, мінездемелер беріледі және мектептегі жетекшілер әр практиканттың деңгейіне қарай бағалау ведомосын университет жетекшісіне өткізеді. Практикадағы күнделіктерін толтырып, құжаттарын жинақтап, университет тарапынан ұйымдастырылатын конференцияға есебін дайындайды.

Университет тарапынан құрылған комиссия мүшелеріне практика конференциясында есебін баяндап, құжаттарын өткізу арқылы 2-кестедегі бағалау критерийлері бойынша бағаланады. Бағалау нәтижесі бойынша 28 практиканттың 13-і (46,43%) «өте жақсы», 11-і (39,29%) «жақсы» және 4-еуі (14,28%) «қанағаттанарлық» бағаларын алды.

Оқыту сапасын мониторингтеу үдерісін жүзеге асыру үшін өлшеу сапасына қойылатын талаптарға сай келетін тиімді деректер жинау құралдары қажет. Оқыту сапасын сараптаудың бірыңғай құралы – сауалнама болып табылады. Тек өлшеу құралының қажетті сапасын қамтамасыз еткен жағдайда ғана педагогикалық қызметтің сапасына дәл баға беруге болады [11, 29 Б.].

Конференция соңында 28 практиканттан қорытынды сауалнамасы алынды.

Сауалнама сұрақтары:

1. практика барысын бағалау

- практиканың ұйымдастырылу деңгейі: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз»;

- практика барысында өте жақсы дамыған дағдыңыз:

сабақ жоспарлау сабақ өткізу

оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынас бағалау

2. мектеп ұжымымен жұмыс

- мектептегі жетекші мұғалім қаншалықты қажет? «қажет», «қажет емес»

- сабақтарға қатысу және сабақтарды талқылау маңыздылығы қандай? «өте жақсы», «орташа», «қажет емес»

3. практикадан алған тәжірибе

- практика барысындағы үлкен жетістігіңізді атаңыз

- практика барысындағы кездескен қиындықтар

- практиканың болашақ кәсібіңізге деген әсерін сипаттасаңыз.

Сауалнама қорытындысы бойынша 28 практиканттың болашақ кәсібіне дайындығының көрсеткіші (1-сурет) келесідей: 49%-ы «жоғары», 40%-ы «орташа» және 11%-ы «төмен».



1-сурет. Болашақ мұғалімдерді даярлауда ұйымдастырылған педагогикалық практиканың нәтижесі

Осылайша, студенттердің педагогикалық практикасын тиімді ұйымдастыру тек кәсіби білім мен дағдыны қалыптастырып қана қоймай, олардың педагогикалық ойлауын, шығармашылық

бастамасын және инновациялық шешім қабылдау қабілетін дамытады. Практика барысында болашақ мұғалімдер өз әрекеттеріне талдау жасап, педагог ретіндегі кәсіби сәйкестігін нығайтады.

**Талқылау.** Зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде педагогикалық практиканың шешуші рөл атқаратынын айқын көрсетті. Қазіргі еңбек нарығындағы бәсекелестіктің өсуі, білім беру жүйесінде орын алып жатқан реформалар педагогикалық кадрларды даярлау сапасына жаңа талаптар қойып отыр. Осы контексте практика болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін, кәсіби өзіндік санасын, коммуникативтік мәдениетін және оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы дербестігін қалыптастыру құралы ретінде көрінеді.

Алынған деректер студенттердің практиканы бастамас бұрынғы дайындық деңгейінің әркелкі екенін көрсетті: 44%-ы жоғары, 38%-ы орташа және 18%-ы төмен деңгейде бағаланған. Бұл теориялық пәндерді меңгеру мен практикалық міндеттерді орындауға психологиялық дайындықтың әр студентте әртүрлі қалыптасқанын айғақтайды. Демек, практика алдындағы кәсіби бағытталған тренингтер мен әдістемелік дайындықтың маңыздылығын арттыру қажеттілігі байқалады.

Практиканың негізгі кезендері студенттердің мектеп ұжымына кірігіп, сабақтарға қатысуы, қысқа мерзімді жоспар дайындауы, тәрбие жұмыстарын жүргізуі арқылы жүзеге асқан. Талдау көрсеткендей, студенттер практика барысында өздерінің педагогикалық дағдыларын айтарлықтай жетілдірген. Әсіресе сабақ жоспарлау, оқушылармен қарым-қатынас, бағалау жүйесін қолдану және АКТ құралдарын пайдалану сияқты бағыттар бойынша оң динамика байқалды.

Қорытынды сауалнама нәтижелері практиканың студенттердің кәсіби қалыптасуына айтарлықтай әсер еткенін дәлелдейді: 49%-ы кәсіби дайындығының жоғары деңгейге көтерілгенін, 40%-ы орташа деңгейге жеткенін көрсетсе, тек 11%-ында төмен нәтиже тіркелген. Бұл көрсеткіш практика кезеңінің болашақ мұғалімдер үшін кәсіби рефлексия, педагогикалық шешім қабылдау, шығармашылық ізденіс және кәсіби сәйкестік қалыптастыру алаңы ретінде тиімді ұйымдастырылғанын білдіреді.

Сонымен қатар жетекші мұғалімдердің рөлі ерекше маңызды екені анықталды: практиканттардың басым бөлігі тәлімгердің қолдауының қажеттілігін атап өтті. Бұл педагогикалық тәлімгерлік (менторлық) жүйені жетілдірудің өзектілігін дәлелдейді. Сабақтарды бақылау және талдауда кәсіби дағдыларды дамытудың маңызды құралы ретінде танылды.

Дегенмен, зерттеу кейбір қиындықтарды да айқындады. Студенттердің бір бөлігі сабақ мақсаттарын қою, дидактикалық материал дайындау, сыныптағы түрлі жағдаяттарды басқару сияқты салаларда өздерін жеткіліксіз сезінетінін көрсетті. Бұл практиканың алдында және барысында мақсатты әдістемелік қолдауды күшейтуге бағытталған өзгерістер енгізу қажеттігін көрсетеді.

**Қорытынды.** Педагогикалық практиканың нәтижелері тәлімгерлердің (тәжірибелі педагогтар мен әдіскерлердің) жүйелі қолдауы болашақ мұғалімдердің кәсіби қалыптасуына айтарлықтай ықпал еткенін көрсетті. Әртүрлі практика кезеңдерінде анықталған мәселелер бойынша мұғалімдер мен тәлімгерлер берген әдістемелік және мазмұндық кеңестер болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және практиканың тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл фактор сапалы нәтижеге қол жеткізудің маңызды алғышарты ретінде танылды.

Зерттеу көрсеткендей, болашақ мұғалімді инновациялық педагогикалық қызметке даярлаудың негізгі құралы – педагогикалық практика болып табылады. Педагогикалық практика жүйелік, қызметтік және тұлғалық тәсілдердің өзара байланысында жүзеге асады, ол жалпы педагогикалық даярлықтың бір компоненті ретінде, сондай-ақ білім алушылардың практикалық қызметінің бір түрі және жоғары педагогикалық мектепте кәсіби оқытудың формасы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық практиканы аяқтағаннан кейін студенттердің барлығы педагогикалық мамандықты таңдағанына қанағаттанатынын білдіруі тәжірибенің кәсіби өзіндік анықталуына оң әсерін дәлелдейді. Сонымен бірге, қазіргі білім беру кеңістігінің талаптары тұрғысынан педагогикалық практиканың мазмұнын тереңдетіп зерттеу, практика барысында қалыптасқан мұғалім даярлаудың заманауи әдістерін жинақтау және жүйелеу қажеттілігін талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. / [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
2. Мкртчян Н.М. Модульная организация педагогической практики как условие совершенствования педагогической культуры будущего учителя Ростов-на-Дону. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. 2007 С. 24. / <https://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-08/dissertaciya-modulnaya-organizatsiya-pedagogicheskoy-praktiki-kak-uslovie-sovershenstvovaniya-pedagogicheskoy-kultury-buduschego-uchit>
3. Жұмағалиева Г.Е., Абуов А.Е., Криварадева Божидара, Абуова Р.С. Практика как средство формирования творческой компетенции будущих специалистов культурно - досуговой работы в профессиональной подготовке в вузе / Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, No4(84),2024 ж. – 250-263 Б.Б. / DOI: [10.51889/2959-5762.2024.84.4.023](https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.023)
4. Кенжетаяева Р.О., Нуржанова С.А. Инновационные формы контроля в профессиональной подготовке будущих педагогов. «Вестник» Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Серия «Педагогические науки». No1(65), 2020, – С.156-160. / <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.28>
5. Педагогическая практика: методические указания / сост. Н.Л. Колясникова; федеральное гос. бюджетное образов. учреждение высшего образов. «Пермский гос. аграрно-технолог. ун-т им. акад. Д.Н. Прянишникова». – Пермь: ИПЦ «Прокрость», 2018. – 31 с.
6. Химматалев Д.О., Файзуллаев Р.Х. Педагогическая практика будущих учителей профессионального образования. Подготовка к основным видам профессиональной деятельности / Вестник науки и образования. №12(24) 2016 / <file:///C:/Users/zharikbaeva.d/Downloads/pedagogicheskaya-praktika-buduschih-uchiteley-professionalnogo-obrazovaniya-podgotovka-k-osnovnym-vidam-professionalnoy-deyatelnosti.pdf>
7. Heggenes, S. L. (2021). A critical review of the role of placements in developing teacher identity. *Teaching and Teacher Education*, 102, 103337. / <https://doi.org/10.1016/j.tate.2021.103337>
8. Bączkowska A. Current trends in teacher training // Абылай хан атындағы ҚазХКЖӘТУ Хабаршысы-Известия ғылыми журналы, №4(758) 2024, 13-28 Б.Б. / <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.001>
9. Ешенқұлова Э.Б., Манабаева С.Е., Ешенқұлова Д.Б., Нуридинова Г.А. Болашақ педагогтың рухани шығармашылық әлеуетін «мектеп-жоспары оқу орны» жүйесінде дамыту / Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, No2(86),2025 ж. – 192-204 Б.Б. / <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.017>
10. Червонный М.А., Власова А.А. Педагогическая практика будущих учителей в условиях современной образовательной среды // Цифровая гуманитаристика и технологии в образовании (DHTE 2022): сб. статей III Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. 17–18 ноября 2022 г. / Под ред. В.В. Рубцова, М.Г. Сороковой, Н.П. Радчиковой М.: Издательство ФГБОУ ВО МГППУ, 2022. С. 193–210 / [https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022\\_Chervonnyy\\_Vlasova.pdf](https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022_Chervonnyy_Vlasova.pdf)
11. Севрук А. И., Юнина Е. А. Мониторинг качества преподавания в школе: учебное пособие. М.: Педагогическое общество России, 2003. 144 с.

References:

1. Kazakstan Respublikasynyn Bilim turaly 2007 zhylgy 27 shildedegi № 319 Zany. / [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
2. Mkrtychyan N.M. Modulnaya organizatsiya pedagogicheskoy praktiki kak uslovie sovershenstvovaniya pedagogicheskoy kultury budushego uchitelya Rostov-na-Donu. Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoy stepeni kandidata pedagogicheskikh nauk. 2007 S. 24. / <https://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-08/dissertaciya-modulnaya-organizatsiya-pedagogicheskoy-praktiki-kak-uslovie-sovershenstvovaniya-pedagogicheskoy-kultury-buduschego-uchit>
3. Zhymagalieva G.E., Abuov A.E., Krivaradeva Bozhidara, Abuova R.S. Praktika kak sredstvo formirovaniya tvorcheskoj kompetencii budushih specialistov kulturno -dosugovoj raboty v professionalnoj podgotovke v vuze / Abay atyndagy KazYPU-n HABARShYSY «Pedagogika gylymdary» seriyasy, No4(84),2024 zh. – 250-263 B.B. / DOI: [10.51889/2959-5762.2024.84.4.023](https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.84.4.023)
4. Kenzhetaeva R.O., Nurzhanova S.A. Innovacionnye formy kontrolya v professionalnoj podgotovke budushih uchitelej. «Vestnik» Kazahskij nacionalnyj pedagogicheskij universitet imeni Abaya. Seriya «Pedagogicheskie nauki». No1(65), 2020, – S.156-160. / <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.28>

5. *Pedagogicheskaya praktika: metodicheskie ukazaniya / sost. N.L. Kolyasnikova; federalnoe gos. byudzhethoe obrazov. uchrezhdenie vysshego obrazov. «Permskij gos. agrarno- tehnolog. un-t im. akad. D.N. Pryanishnikova». – Perm: IPC «Prokrost», 2018. – 31 s.*
6. *Himmataliev D.O., Fajzullaev R.H. Pedagogicheskaya praktika budushih uchitelej professionalnogo obrazovaniya. Podgotovka k osnovnym vidam professionalnoj deyatel'nosti / Vestnik nauki i obrazovaniya № 12(24) 2016 / file:///C:/Users/zharikbaeva.d/Downloads/pedagogicheskaya-praktika-buduschih-uchiteley- professionalnogo-obrazovaniya-podgotovka-k-osnovnym-vidam-professionalnoj- deyatel'nosti.pdf*
7. *Heggernes, S. L. (2021). A critical review of the role of placements in developing teacher identity. Teaching and Teacher Education, 102, 103337. / <https://doi.org/10.1016/j.tate.2021.103337>*
8. *Baczowska A. Current trends in teacher training // Abylaj han atyndagy KazHKzhATU Habarshysy-Izvestiya gylimi zhurnaly, №4(758) 2024, 13-28 B.B. / <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.001>*
9. *Eshenkylova E.B., Manabaeva S.E., Eshenkulova D.B., Nuridinova G.A. Bolashak pedagogtyн ruhani-shygarmashylyk aleuetin «mektep-zhogary oku orny» zhyjesinde damytu / Abaj atyndagy KazYPU-n Habarshysy «Pedagogika gylymdary» seriyasy, No2(86),2025 zh. – 192-204 B.B. / <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.017>*
10. *Chervonnyj M.A., Vlasova A.A. Pedagogicheskaya praktika budushih uchitelej v usloviyah sovremennoj obrazovatel'noj sredy // Cifrovaya gumanitaristika i tehnologii v obrazovanii (DHTE 2022): sb. statej III Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii s mezhdunarodnym uchastiem. 17–18 noyabrya 2022 g. / Pod red. V.V. Rubcova, M.G. Sorokovoj, N.P. Radchikovoj M.: Izdatel'stvo FGBOU VO MGPPU, 2022. S. 193–210/ [https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022\\_Chervonnyj\\_Vlasova.pdf](https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022_Chervonnyj_Vlasova.pdf)*
11. *Sevruk A. I., Yunina E. A. Monitoring kachestva prepodavaniya v shkole: uchebnoe posobie. M.: Pedagogicheskoe obshchestvo Rossii, 2003. 144 s.*

IRSTI 14.35.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.019>

Toktarbekova K.,<sup>1\*</sup>  Smailova Zh.,<sup>2</sup>  Barabanova E. <sup>2</sup> 

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> East Kazakhstan University named after S.Amanzholov, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

## TRAINING OF FUTURE PROFESSIONAL SPECIAL TEACHERS: VIEWS OF EMPLOYEES

### Abstract

Currently, the number of children with special educational needs in our country is steadily increasing. This situation has led to a growing demand for special education teachers and highlighted the need to enhance their professional competencies. The professional training of special educators is a key indicator of educational quality and serves as a decisive mechanism for advancing inclusion in society. Therefore, a comprehensive approach to training future special education teachers—integrating theoretical knowledge, practical preparation, and socio-value orientations—has become a pressing issue. The purpose of this study is to identify the ways of developing the professional competence of future special educators, to analyze the requirements for their preparation, and to propose recommendations for improving educational programs. The research involved the analysis of state and university archival documents, as well as scientific works. At the theoretical level, analysis and synthesis methods were employed. At the practical level, a survey was conducted among employers from special and general education institutions in East Kazakhstan region. More than 40 employers participated, assessing the professional competencies of graduates. As a result, graduates' professionalism was defined in three main areas: knowledge (16%), practical skills (16%), and personal qualities (17%). Employers also identified shortcomings in the training system, such as insufficient practice (25%), lack of methodological materials in the Kazakh language, and a shortage of teachers specializing in surdopedagogy. Well-developed competencies included pedagogical mastery, diagnostic skills, the ability to apply methodologies, and proficiency in theoretical knowledge and information technologies. Thus, improving the training system for special educators not only ensures quality education for children with special needs but also provides an effective mechanism for preparing competitive specialists for the labor market.

**Keywords:** special education, professional competence, inclusive education, professional training, social-pedagogical competencies, practical preparation.